

«АР-ҰЯТ» ҰҒЫМЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ (БАТЫС
ОЙШЫЛДАРЫ МЕН АБАЙ, ШӘКӘРІМ ІЛІМДЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Салимжанов Бауыржан Ермекұлы,
2-курс магистрант, «Шәкәрім университеті» КеАҚ (Семей, Қазақстан Республикасы)

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.18903487>

Аңдатпа. «Ар-ұят» ұғымы жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруы мен таныту үдерісіндегі адамгершілік мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі. Бұл феномен адамның әлемдегі экзистенциалдық болмысының айрықша қырларымен өзара тығыз байланыста қарастырылады. Зерттеу аясында «ар-ұят» түсінігінің адам өміріндегі ассоциативтік моделі ұсынылып, оның негізгі мағыналық құрамдастары жан-жақты талданған. Философиялық тұрғыдан зерделеу нәтижесінде «ар-ұяттың» адамзат тіршілігіндегі іргелі рухани құндылықтардың бірі екені айқындалған. Автор аталған ұғымның философиялық мазмұны мен мәндік ерекшеліктеріне терең талдау жасайды.

Кілт сөздер: ар-ұят, ынсап, мейірім, қанағат, ізгілік, құндылық, ұлттық сана.

Аннотация. Понятие «совесть» рассматривается как ключевой компонент нравственной культуры в процессе самореализации и самовыражения личности. Этот феномен изучается в тесной взаимосвязи с экзистенциальными аспектами человеческого бытия. В рамках исследования предложена ассоциативная модель совести в жизни человека, а также проведён всесторонний анализ её основных семантических составляющих. Философское исследование выявило, что совесть является одной из фундаментальных духовных ценностей человеческой жизни. Авторы осуществляют глубокий анализ философского содержания и смысловых особенностей данного понятия.

Ключевые слова: совесть, милосердие, удовлетворённость, добродетель, ценность, национальное сознание.

Abstract. The concept of “conscience” is regarded as a fundamental component of moral culture in the process of self-realization and self-expression of an individual. This phenomenon is analyzed in close relation to the existential dimensions of human existence. The study presents an associative model of conscience in human life and provides a comprehensive examination of its core semantic components. Philosophical analysis demonstrates that conscience constitutes one of the fundamental spiritual values in human life. The authors offer an in-depth exploration of the philosophical content and conceptual characteristics of this notion.

Keywords: conscience, compassion, contentment, virtue, value, national consciousness.

Адам санасы қоршаған болмыстағы заттар мен құбылыстарды, үдерістерді прагматикалық, эстетикалық, адамгершілік әрі діни өлшемдер тұрғысынан бағалай алады. Әлемді пайымдау мен бағалаудың тәсілдері сан алуан болғанымен, адамды бағалауда ерекше мәнге ие өлшемдердің бірі – оның адамгершілігі мен ар-ұяты. Адамның сапалық деңгейін айқындайтын басты көрсеткіш – ар. Ар ұғымы өмірде ұят, ұждан, намыс, ынсап, мейірім, кісілік, жомарттық, ізгілік, парасаттылық сияқты түсініктермен өзара сабақтасып, солар арқылы көрініс табады.

Адам болмысы өзге тіршілік иелерімен салыстырғанда анағұрлым жоғары деңгейде ұйымдасқан. Қоғамдық кеңістікте саналы жан тек тән

қажеттіліктерімен шектелмей, әлдеқайда терең әрі кең рухани әлемге ұмтылады. Адам тіршілігінде екі өлшем бар: биологиялық және рухани. Биологиялық қыры адамның табиғи мұқтаждықтарын өтесе, рухани әлем оны мәңгілік мәнге, жоғары мұраттарға бағыттайды. Биологиялық тіршілік ұрпақ жалғастыруға, жойылып кетпеуге негіз болса, өмірдің шынайы мазмұны оның мәнді болуымен айқындалады. Адам тек күнделікті қажеттіліктер аясында ғана өмір сүре алмайды, ол үнемі ізденіп, толғаныста болады. Оның табиғаты шексіз әрі көпқырлы, сондықтан ол тек биологиялық жетілуді емес, қоғамдық және рухани кемелденуді де қажет етеді.

Осындай рухани дамудың нәтижесінде қалыптасатын құндылықтардың бірі – ар-ұят. Арлы адам әрдайым биік мұраттарға талпынады. Ар – адамның адами болмысын сақтайтын, оны өзгелермен тең дәрежеде өмір сүруге лайық ететін ішкі императив. «Ар-ұят» мәселесі философиялық ой тарихында да маңызды орын алған. Көптеген ойшылдар өз ілімдерінде бұл ұғымның жеке тұлға мен адамға, ұлт пен қоғамға, мемлекет пен жалпы адамзат дамуына тигізетін ықпалын жан-жақты талдап, оның маңызы мен ролін айқындауға ұмтылған.

Философия тарихында «ар-ұят» дербес философиялық категория ретінде қалыптасып, оның болмыстық мазмұны терең зерттелді. Ол адамдықтың өлшемі, адам өміріндегі ең басты рухани құндылықтардың бірі ретінде бағаланды. Сол себепті ар-ұят ұғымы философиялық зерттеулер аясында ұзақ уақыт бойы қарастырылып келе жатқан өзекті мәселелердің бірі.

Ар-ұят жеке тұлғаның қоғамдағы және әлеуметтік ортадағы іс-әрекеттерінің моральдық талаптарға сай болуымен, адамгершілік нормаларын ұстануымен және адами құндылықтардың үстемдік етуімен тығыз байланысты [Философский энциклопедический словарь. 1983: 620]. Қазіргі философиялық энциклопедияда берілген осы анықтама ар-ұяттың адам өміріндегі атқаратын қызметін нақты көрсетеді. Яғни, ар – адамның жақсылыққа ұмтылып, жамандықтан алшақ жүруі, ал адамгершілік – адами құндылықтардың салтанат құруының көрінісі.

Ежелгі Грекияның әлеуметтік-философиялық ойларында да ар-ұят мәселесінің қоғамдық өмірдегі орны ерекше аталған. Мәселен, Сократ ілімінде ар-ұят моральдық философияның негізгі ұғымдарының бірі ретінде қарастырылады. Ойшылдың пайымдауынша, барша адамзатқа ортақ ізгі құндылықтар ар-ұяттан бастау алады. Ол адамның ішкі жан дүниесін кемелдендірудің басты жолы ретінде адамгершілік пен ар-ұятты алдыңғы орынға қояды. Жаны таза адам өмірге өзгеше, терең көзқараспен қарайды деп

түсіндіреді. Сократ философиясында ар адамгершілік, әділеттілік, қайырымдылық секілді ізгі қатынастарды нығайтатын идеялардың жиынтығы ретінде сипатталады. Сондықтан оның ілімінде «өз-өзінді таны» қағидасы адамның ең жоғары мұратына айналуы тиіс деген тұжырым жасалады.

Ал Аристотель адамның жаратылыстағы орнын айрықша деп бағалайды, себебі ол – ақыл-ой иесі. Егер адам бойында ізгі қасиеттер, ар мен адамгершілік болмаса, ол тіпті жануарлық деңгейге дейін құлдырауы мүмкін екенін айтады [Әбішев Қ. 2005: 103]. Адам болып туу жеткіліксіз, адам болып қалудың кепілі – ар-ұят, ізгілік, қайырымдылық, парасаттылық, кісілік, имандылық және әділеттілік секілді қасиеттер деп біледі. Ар ұғымына қарама-қарсы түсінік ретінде арсыздықты қарастырып, оның негізін надандық пен тоғышарлықтан іздейді. Ойшылдың пікірінше, адам өз өмірінде жан тазалығын сақтап, арын биік ұстауы қажет. Адамзат үшін ең қымбат игілік – адамгершілікпен, ар-ұятпен ғұмыр кешу, яғни шынайы адам болу. Адамды өзге тіршілік иелерінен даралап, биік әрі бекзат ететін басты құндылық ретінде ар-ұятты ерекше бағалайды.

Ар-ұят мәселесін өз еңбектерінде өзекті тақырыптардың бірі ретінде қарастырған ойшылдардың қатарында Аврелий Августин бар. Ол өз шығармаларында: «ар-ұяттың функционалдық мақсаты – адамның мінез-құлқын ішкі жағынан реттеу, яғни Құдай адамның жүрегіне дарытқан адамгершілік заңның бір көрінісі» деп жазады [Августин А. 2014: 118]. Осылайша, ойшыл ар-ұяттың мәнін этикалық категориялармен сабақтастыра отырып, оны адам мен Құдай арасындағы рухани-адамгершілік заң ретінде түсіндіреді. Августин үшін ар – адамның рухани тазаруына бастайтын, жан дүниесін кемелдендіретін жол.

Мартин Лютер дүниетанымында да ар-ұят ұғымы ерекше орын алады. Оның пайымдауынша, «ар-ұят – ақыл-ойға елеулі ықпал ететін, адамның Құдаймен байланысының негізін құрайтын адамшылық өзек» [Лютер М. 1994: 82]. Бұл тұрғыда ар адам әрекеттеріне Құдаймен бірге төрелік ететін, оның ісін бағалайтын құндылық ретінде сипатталады.

Ал Иван Ильин арды адамның өмір сүру болмысындағы ең басты қасиеттердің бірі деп есептейді. Оның пікірінше, «ар-ұждан адамның адамгершілік тұрғыдан өзін-өзі қадағалай алу қабілетін білдіреді, адамды өзге тіршілік иелерінен жоғары, бекзат етіп, қоғамды ізгілікке бастайтын моральдық құндылық» [Ильин И. 1993: 82]. Ойшыл арды адам табиғатындағы ең қастерлі, ең асыл рухани қасиет ретінде бағалайды.

Философиядағы түбегейлі мәселелердің бірі – адам үшін ең қажет әрі ең маңызды құндылықтардың не екендігі. Адамгершілік, ар-ұят, ізгілік – адам болмысының өзегін құрайтын негізгі құндылықтар емес пе? Осы тұрғыда Виссарион Белинский: «Адамгершілік, ар-ұят, ізгілік адам үшін бірінші орында тұруы тиіс. Кез келген ғылым адамды белгілі бір кәсіп иесі болуға үйретсе, ал адамгершілік, ар-ұят, ізгілік туралы ілімдер адамды нағыз адам болуға жетелейді», – деп тұжырым жасайды [Рахимжанова С. 2017: 51]. Осылайша, ар-ұят адам үшін баға жетпес, өмірлік маңызы зор рухани құндылық ретінде қарастырылады.

Нина Арутюнова пікірінше, ар-ұждан адам психикасының ең төменгі қабатынан бастап ең жоғары деңгейіне дейінгі барлық құрылымдарын қамтиды. Ол адамның қайталанбас, дара болмысын айқындайтын «Мен» ұғымының өзегіне енеді. Ар-ұждан аясында адамның ойлары, сезімдері, талпыныстары қалыптасып, өмірлік маңызы бар шешімдер туындайды. Сондықтан ар-ұждан адамгершілік әрекетті айқындайтын негізгі қасиеттердің бірі ретінде танылады [Арутюнова Н. 2000: 57]. Ғалым оны адам өмірі мен іс-әрекетінде жетекші орын алатын рухани сапа ретінде бағалайды.

Ал Л. С. Лихачева ар туралы айта келе, «жеке тұлғаның рухани және эмоциялық әлемінде ар-ұжданның болуы оның адамгершілік деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді» деп көрсетеді [Лихачева Л. 2019: 59]. Ол арды тек адамға тән, адам болмысын сипаттайтын ерекше қасиет ретінде анықтайды.

Игорь Кольной еңбектерінде де ар-ұят ұғымы адамның мәнін, оның адамдық табиғатын айқындайтын басты белгілердің бірі ретінде қарастырылады [Кольной И. 2019: 59]. Яғни, ар-ұят адам болмысының ең маңызды көрсеткіштерінің қатарынан орын алады.

Түркі дүниетанымында адамгершілік пен ар-ұят ұғымдарын «жәуәнмәрттілік» мағынасында түсіндірген ойшылдардың бірі – Жүсіп Баласағұн. Ол: «Өр секілді – ізгі іс, қиын шығуға, сұм нәрсе – ылди, оңай құлап құруға» деп, ізгілікті жүрегі кең, адамшылығы мол, парасатты әрі иманды жандардың әрекеті деп бағалайды. Ойшылдың пайымдауынша, адамға екі дүниеде де пайда әкелетін қасиеттер – ізгі іс пен түзулік, ұят және әділдік. Осы үш негіз арқылы ғана адам шынайы бақытқа жете алады [Баласағұн Ж. 1986: 310].

Жүсіп Баласағұн адам болып қалыптасу үшін жоғары моральдық талаптар қояды. Оның ең басты шарттарының бірі – адамгершілік пен ар-ұятты жоғалтпау. Ол ізгі адам қандай қиындық болса да, адал жолдан таймауы тиіс деген ой айтады. Арды адамдықтың ең биік өлшемі ретінде танып, адамды адам

етіп ұстап тұратын басты қасиеттердің бірі деп есептейді. Ар – адамның жүрегіне орныққан ең асыл рухани сапа. «Жәуәнмәрттілік» ұғымын ол жомарттық, қайырымдылық, кеңпейілділік, адамшылдық және ар секілді қасиеттердің тұтастығы ретінде түсіндіреді. Өз еңбектерінде әділетті, ізгілікті, арлы болуды адам өмірінің негізгі мақсаты деп танып, ізгілік пен ар құндылықтарын тіршіліктің түпқазығы ретінде қарастырады. Адамдықтың өлшемі ретінде ізгілік, ар-ұят және адамгершілік ұғымдарын алдыңғы қатарға қояды.

Ар-ұят пен адамшылық ұғымдары қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлы дүниетанымында айрықша маңызға ие.

Атымды адам қойған соң,

Қайтіп надан болайын [Құнанбайұлы А. 1961: 89].

Осы жолдардың өзінен-ақ Абай шығармашылығында ізгілік, ар-ұят және адамшылық мәселесінің қаншалықты терең орын алғанын аңғаруға болады. Яғни, әрбір жан өзіне берілген «адам» деген атқа лайық өмір сүруге тиіс. Өмір жолында адам баласы тек адамшылық әрекеттермен ғана емес, кейде хайуандық сипаттағы қылықтармен де бетпе-бет келуі мүмкін. Алайда адамды хайуаннан ажырататын – оның ақыл-ойы мен санасы. Ендеше, өткінші ғұмырда адам өз бойына тек адамға тән, адам үшін құнды қасиеттерді жинақтай білуі қажет. Егер оның бойында ізгілік, ар-ұят, адамшылық болмаса, онда оттап, су ішкен жануардан айырмашылығы қандай? Адамдықтың өлшемі де дәл осы ізгілік пен ар-ұят арқылы анықталмай ма?

Қарапайым жандар өздерінің адам екенін терең сезініп, адамшылық абыройын шынайы қадірлей алған кезде ғана болашақтың баянды өмірі бүгінгі күнмен сабақтасады. Егер адам осы асыл құндылықтардан айырылса, онда ол рухани тұрғыдан «өлімен тең». Қазақ дүниетанымында «арамдықпен тірі жүргенше, адамшылықтың уын ішіп өлген артық» деген түсінік бекер айтылмаған. Бұл – ар-ұят пен адамшылықтың қазақ санасында ең жоғарғы орын алғанын көрсетеді.

Ар-ұят – адамның адамшылық деңгейін айқындайтын өлшем. Адамшылығы бар жан үшін ең алдымен қажет нәрсе – ар-ұят. Ұят – адамның ішкі адамшылығы мен ізгілігінің көрінісі. Ұяла білу, қызара білу – адам бойындағы адамгершіліктің белгісі. Ұят – игі сезім, ал оның ең жоғары көрінісі – адамның өзінен-өзі ұялуы. Егер адам ар-ұятының алдында жауапкершілік сезінсе, ол жаман іске бармайды, өсек пен өтірікке, мақтан мен даңғойлыққа салынбайды, адамдық қасиетін аяқасты етпейді.

Абай үшін ар-ұят – адамның рухани тірегі, тұлғалық ізгі қасиеттерін айқындайтын негізгі ұғым. Ол: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық», – деп, адамды биік ететін қасиеттерді нақты көрсетеді. Өмірдегі қай сала болмасын – ел басқару, білім, тәрбие, саясат – бәрі де ар-ұят ұстанымымен сабақтас болуы тиіс. Ар-ұятты өмірдің өзегіне айналдыру – өнегелі ер мен елдің ісі.

Абай ар-ұяты бар, адамгершілігі кемел жандарды «толық адам» деп таниды. Хәкім «Адам бол!» деп өсиет айта отырып, ар, ұят, намысты адамның имандылық деңгейін айқындайтын басты қасиеттер ретінде қарастырады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы өз шығармаларында «Ар ілімі» деген ұғымды енгізген ойшыл ретінде ерекшеленеді. Ол «ар» сөзін «совесть» деп аударып, бұл түсінікті тек адамға ғана тән қасиет деп қарастырады. Шәкәрім арды адам бойындағы ізгі сипаттардың өлшемі, тұлғалық кемелдіктің көрсеткіші ретінде бағалайды. Ар – адамның ішкі рухани болмысының айнасы, сондықтан әр адам өз тағдырына дақ түсірмей, арын таза сақтауға тиіс деп есептейді. Арлы жанның әрбір іс-әрекеті міндетті түрде ізгілікке бағытталуы керек.

Ғарифолла Есім Шәкәрімнің «ар ілімін» өзінше пайымдап, оны «ар жүйесі» деп атайды. Ол бұл тұжырымын төмендегідей негіздейді: адамзат жаратылғалы ең алдымен заттық табиғатқа ие болды, яғни алғашқы мақсат – ішіп-жеу, тән қажетін өтеу. Мұны ғалым бірінші жүйе – тән жүйесі деп көрсетеді. Екінші – жан жүйесі. Үшінші – сана жүйесі. Төртінші – нәпсі жүйесі, бұл тек қоректену емес, ұрпақ жалғастыру ниетін де қамтиды. Бесінші – көңіл жүйесі, яғни рухани ләззат, көңіл азығын іздеу. Алтыншы – рух жүйесі, адамның рухани мәдениетімен байланысты. Жетінші әрі ең жоғарысы – ар жүйесі, ол Жаратушыға апарар соңғы баспалдақ ретінде танылады.

Шәкәрімнің «Бәйшешек бақшасы» атты шағын миниатюралар топтамасындағы эсселерінің бірінде тән мақсұты мен жан мақсұты туралы терең ой қозғалады. «Адамда екі түрлі мақсат бар, оның бірі – тән мақсұты, екіншісі – жан мақсұты» дейді ойшыл. Тән мақсұты – қара басының қамын күйттеп, өзімшілдік пен даңққұмарлықты көздеу. Ал жан мақсұты – адамшылықты, ар мен адал еңбекті іздеу. Алғашқы мақсатқа берілген адам зұлымдық пен қиянатқа барса да, мал-мүлікке, мансапқа, атаққа ұмтылады. Ал жан мақсұтын таңдаған адам үшін адал еңбек пен ақ ниеттен өзге құндылық жоқ; ол ешкімге қиянат жасауды, біреуді алалауды құптамайды.

Ойшылдың «Үш анық» атты философиялық еңбегінде де осы жан мақсұты негізгі арқау етіп алынады. «Үш анықтың» түп негізінде ар ілімі

қалыптасады. Ар ілімі – адамның рухани тазару жолы. Шәкәрім арлы адам деп бойында ұят, қайрат, жігер, жауапкершілік, кісілік, намыс, талап, ерлік секілді асыл қасиеттері бар жанды айтады. Ол «Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан дегеніміз – ынсап, әділет, мейірім» деп тұжырымдайды. Егер осы қасиеттер адам өмірінен жоғалса, онда мұндай тіршіліктің құны жоқ екенін ескертеді.

Бұл ойды ақынның мына жолдары айқын дәлелдейді:

Сабыр сақтық ой, талап болмаған жан,

Анық төмен болмай ма хайуаннан.

Ынсап, рахым, ар, ұят табылмаса,

Өлген артық дүниені былғағаннан [Құдайбердіұлы Ш. 1988: 129].

Осылайша, Шәкәрім ілімінде ар – адам болмысының ең биік рухани өлшемі, ал арсыздық – адамдық қасиеттің жойылуы ретінде қарастырылады.

Шәкәрімнің ар ілімінің мақсаты ішкі тазалыққа жету арқылы хақты тануға жол ашу. Ойшыл өз дүниетанымында ар-ұятты жоғарғы адамгершілік заңы, өмірлік норма, адамның моральдық өзін-өзі бағалауы ретінде таныды. Шәкәрімнің ар іліміне байланысты концептуалды көзқарастарының бірі «өлген жан өміріне нана алмай ұждан, жанға екі өміргеде бірдей керек таяныш екеніне нана алмаған кісінің жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір жол, заң тазарта алмайды», – деген ойында жатыр. Адам жүрегін тазалауда ешбір ғылым саласының, өнердің, заңның дәрменсіз екендігі, тек ар ілімінің орны айрықша екендігін көрсетеді. Ар өнер, білімнен де жоғары тұратын құндылық ретінде айқындайды. Адам бойында ар болмаса әр ісі зұлымдыққа бастап, адамшылыққа бастайтын әрекеттерді аяқ асты етпек. Ар адам өмірінде жанына мәңгі азық болатын, екі дүниегеде қажетті іс ретінде таниды. Жанның екі өмірдегі азығы ол — ұждан. Адамдар арасындағы күншілдік, адамға жат әрекеттердің туындауы оның бойындағы арсыздық қасиеттердің басым болуымен тікелей байланысты. Адамның ар тазалығы оның өмірінде айрықша орын алмақ.

Әдебиеттер:

1. Арутюнова Н.Д. О стыде и совести / Н.Д. Арутюнова // Логический анализ языка: Языки этики. — М.: Языки русской культуры, 2000. — С. 54–58.
2. Аристотель философиясы [20 т.]. 3-т. / құраст. Қ.Ә. Әбішев, Т.Ы. Әбжанов. – Алматы: Жазушы, 2005. — 568 б.
3. Августин Аврели. Исповедь / А. Августин. — М.: Азбука, 2014. — 400 с.
4. Баласағұн Ж. Құтты білік / көне түркі тіл. ауд. / Ж. Баласағұн. — Алматы: Жазушы, 1986. — 616 б.
5. Ильин И.А. Путь к очевидности / И.А. Ильин. — М.: Республика, 1993. — 431 с.

6. Лихачева Л.С. Этика: теория и практика: учеб. пос. / Л.С. Лихачева. — Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2019. — 190 с.
7. Лютер М. Избранные произведения / М. Лютер / пер. с нем. СПб.; М.: Андреев и согласие, 1994. — 432 с.
8. Кальной И.И. Человек и его метафизика / И.И. Кальной // Credo New. — 2009. — № 4.
9. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары: өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М. Жармұхамедов, С. Дәуітов, А. Құдайбердиев. — Алматы: Жазушы, 1988. — 560 бет.
10. Құнанбайұлы А. Шығармаларының толық жинағы: [2 т.]. 1-ші т. / А. Құнанбаев. — Алматы: Көркем әдебиет баспасы, 1961. — 677 б.
11. Рақимжанова С.К. Дәстүрдің философиялық мәні / С.К. Рақимжанова // ҚазҰУ хабаршысы. — 2017. — № 3(61). — Б. 49–57.
12. Философский энциклопедический словарь. — М.: Сов. энцикл., 1983. — 840 с.